

Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті
6D021300 – «Лингвистика» мамандығы бойынша философия докторы
(PhD) дәрежесін алу үшін жазылған Ерсұлтанова Гаухар
Тилеукабуловнаның «Публицистикалық дискурстағы тілдік тұлға
(қазіргі қазақ баспасөз материалдары негізінде)» тақырыбындағы
диссертациялық жұмысына рецензент Сулейман Демирель атындағы
университеттің «Тілдік білім беру» кафедрасының профессоры,
филология ғылымдарының докторы Жолшаева Майра
Сатыбалдиевнаның

ШІКІРІ

1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі және оның жалпы ғылыми және жалпы мемлекеттік бағдарламалармен (практикалық және ғылыми техниканың сұраныстарына) байланысы.

Ғылыми зерттеу парадигмасының үшінші сатысына сәйкес жүргізілетін лингвистикалық зерттеулерде ғылыми тұрғыдан айқындалып, зерделеуді қажет ететін нысан адам факторымен тығыз бірлікте қарастырылады. Осы тұрғыдан алғанда қорғауға ұсынылып отырған зерттеу жұмысының басты нысаны – публицистикалық дискурстағы тілдік тұлға мәселесі. Тілдік тұлға – сөз (сөйлеу) субъектісі. Тілдік тұлғаның тілін (сөзін) зерттеудің басым бағытқа ие болуы бірнеше фактормен байланысты болып келеді. Мұндай зерттеу біріншіден, публицистикалық дискурстағы тілдік тұлғаның лингвокогнитивтік деңгейін анықтауға мүмкіндік береді; екіншіден, публицистикалық дискурстағы тілдік тұлғаның адресант ретінде прагматикасын танытады; үшіншіден, тіл бірліктерінің автордың сөз қолданысында ұшыраған өзгерістерін анықтап, оның себептерін көрсетуге жол ашылады. Сонымен қатар, зерттеу нысанына алынған публицистикалық дискурстың тілдік тұлғаларының элитарлық деңгейдегі тұлғалар болуы, яғни ана тілін, ұлттық менталитетті жетік меңгерген және ұлт тарихын жақсы білетін, ұлттық дүниетанымы қалыптасқан, қаламы ұшталған журналистер Бекен Қайратұлы, Бауыржан Омаров, Нұртөре Жүсіптің мақала, очерк, эсселерінің талдауға алынуы. Бұл қаламгерлердің сөз саптауы мен жазу мәнері, өзіндік ойы басқа тілшілерге үлгі боларлықтай туындылар екендігі. Оның үстіне диссертацияда талдауға негіз болған публицистикалық дискурстағы тілдік тұлғалардың мақалалары, яғни БАҚ мәтіндері қоғамның шынайы келбетін тануға да мүмкіндік береді. Өйткені публицистикалық дискурстың басты қызметі ақпарат беру ғана емес, оқиғаны талдау арқылы баға беру және оқырманға әсер етіп, адресаттың пікір қалыптастыруына ықпал ету. Осы тұрғыдан алғанда Ерсұлтанова Гаухар Тилеукабуловнаның «Публицистикалық дискурстағы тілдік тұлға (қазіргі қазақ баспасөз материалдары негізінде)» атты диссертациясы өзекті тақырыпқа арналған және жаңашылдығымен ерекшеленеді.

2. Ізденушінің диссертацияда тұжырымдаған әрбір нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделуі және шынайылық дәрежесі.

Зерттеу жұмысы құрылымы жағынан кіріспе, үш тарау, қорытынды және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Соңында ассоциативті эксперименттің материалдары қосымша ретінде тіркелген. Зерттеу жұмысындағы тұжырымдалған әрбір нәтиже мен қорытындының негізделуі мен шынайылық дәрежесі жоғары.

Бірінші, диссертациялық жұмыстың негізгі нысанына алынған публицистикалық дискурстағы тілдік тұлға мәселесі зерттеу нысанына алғаш рет алынып отырған тың ғылыми жұмыс болып табылатындығы, публицистикалық дискурстың өзіндік ерекшеліктерінің анықталып, тілдік тұлғаның қалыптасуына ықпал еткен факторлардың анықталуы осы бағыттағы тақырыпқа тікелей және жанама қатысы бар Р.Сыздық, Н.Уәли, О.Бүркіт, Қ.Есенова сынды зерттеушілердің теориялық тұжырымдары арқылы негізделген. Бұл диссертацияның 7-11 беттерінде көрініс тапқан. Публицистикалық дискурстың өзіндік ерекшелігін айқындауда салыстыру әдісін орынды қолданған. Көркем әдебиет стилімен салыстыру арқылы публицистикалық стильдің қызметі мен тілдік ерекшеліктерін саралаған (дис. 12-14 бб). Сонымен қатар, публицистикалық дискурстағы соңғы кездері ұшырасатын өзгерістерді де назардан тыс қалдырмаған. Бұл орайда диссертант А.А.Грабельниковтың иұжырымына сүйенген.

Екінші, зерттеу жұмысының басты нысаны «тілдік тұлға» ұғымына түсінік беріп, лингвистикадағы тілдік тұлға теориясына қатысты зерттеулерді талдап, зерттеу мақсаты мен нысанына қатысты тұжырымдарды саралайды. Бұл орайда «тілдік тұлға» терминінің ғылыми айналымға енуінен бастап, тілдік тұлғаны сипаттауға байланысты қалыптасқан бағыттардың ерекшеліктерін көрсетеді. Сәйкесінше Ю.Н.Караулов, Г.И.Богин, В.В.Красных, Ю.С.Степанов, А.П.Бабушкин және т.б еңбектері талданған. Сөйтіп, өз мақсатына сай қажет теориялық тұжырымды негіздеп алады (дис. 16-21 бб).

Үшінші, публицистикалық дискурс үлгілеріндегі тілдік тұлғаның ерекшеліктерін анықтауда хронологиялық әдіске жүгініп, алдымен публицистикалық материалдарды кезеңдерге бөліп, сол арқылы тілдік тұлғалардың ұстанымдарын анықтайды. Публицистикалық дискурстағы тілдік тұлғаның қалыптасуына әсер ететін факторларды интралингвистикалық және экстралингвистикалық деп екіге жіктейді.

Төртінші, Н.Жүсіп, Б.Омаров, Б.Қайратұлы сынды журналистердің публицистикалық дискурстары талданып, нәтижесінде оқырманға ықпал етуді ұлттық дүниетанымға негізделген концептілер арқылы іске асырылғандығын анықтаған.

Бесінші, диссертанттың тілдік тұлғалардың публицистикалық дискурста қоғамдағы өзекті мәселелерді көтеру арқылы қоғамның шынайы келбетін көрсетуі және автор прагматикасының анықталуы бойынша жасаған

тұжырымдары да нақты мысалдар арқылы дәйектелуімен негізді болып шыққан.

Қалыптасып келе жатқан тілдік тұлғаның сипатын анықтау мақсатында жасы мен кәсіби ерекшеліктерін саралай отырып, әртүрлі топтарға жүргізген ассоциативті эксперименті және оны талдау нәтижелері ізденушінің көп еңбектеніп, болжамдарын нақты эксперименттік жұмыстар арқылы дәйектеуі де құптарлық іс.

Диссертациялық жұмыс ғылыми зерттеулерге қойылатын талаптар тұрғысынан алғанда құрылымдық, мазмұндық жағынан өзара логикалық сабақтастыққа құрылған және кәсіби тұрғыда жазылған, тілі жатық, ғылыми жаңалығы бар.

3. Ізденушінің диссертацияда тұжырымдаған әрбір ғылыми нәтижесі мен қорытындысының жаңалық дәрежесі.

Диссертациялық жұмыста тұжырымдалған қорытындылардың жаңалық дәрежесі жоғары.

Бірінші жаңалығы – публицистикалық дискурстағы тілдік тұлғаға тән ерекшеліктердің анықталуы: вербалды-семантикалық; когнитивтік және мотивациялық-прагматикалық.

Екінші жаңалығы – тілдік тұлғаның публицистикалық дискурсы когнитивтік зерттеулерге негізделіп, журналистік таным деңгейі, аялық білімі, дискурста тілдік құралдарды пайдалана білу деңгейінің сарапталуы. Мысалы, тілдік тұлғалардың дискурста тілдік лексикалық қабатына қатысты сөз қолданыстарындағы төмендегідей ерекшеліктер анықталған: қазақы танымдағы сөздерді молынан қолдау (*ноқта ағасы; мәңгілік орын тебу*); сөздің ауыспалы мағыналарына иек арту (*ұста*); көнерген сөздерді «тірілтіп», айналымға енгізуді мақсат етуі (*шапанының шалғайы*); жаңа сөз қолданыстары (*физиономистика – «сұңғылалық» ілімі, бернаут синдромы – мазасыздыққа ұшырау*); лингвомәдени бірліктерді қолданылуы; қоғамдық-саяси лексика мен стандарт, штамптардың көп қолданылуы және олардың атқаратын қызметінің көрсетілуі.

Үшінші жаңалығы – көріктеу құралдары мен айшықтауды (эпитет, теңеу, символ, метафора, метанимия, синекдоха, кейіптеу, параллель) және олардың қызметтерінің автор прагматикасымен сабақтастырыла қарастырылуы. Яғни тілдік көріктеуіш құралдар сөзге, ойға экспрессия қосып, бағалау мәнін арттыру үшін және ойды нақтылау мақсатында қолданылғаны; синонимдердің градация тудыру мақсатында пайдаланылып, сол арқылы экспрессия тудыру және оқырманға ықпал ету мақсатын көздегені айқындалған.

Төртінші жаңалығы – тілдік тұлғалардың концептосферасының анықталуы және соның негізінде негізгі құндылықтар ретінде «Қоғам», «Қазақ», «Тұлға» концептілерінің когнитивтік үлгілерінің танымдық тұрғыдан сипатталуы. Бұл тұрғыдан ізденуші публицистикалық дискурстағы тілдік тұлғаның қалыптасуына ықпал еткен төмендегідей экстралингвистикалық факторларды анықтаған: әлеуметтік; ұлттық-мәдени, психологиялық.

Бесінші жаңалығы – публицистикалық дискурстағы тілдік тұлғаның өз ойын көбінесе сентенцияға құруының анықталуы. Бұл оқырманға әсер етудің, оны сендірудің тиімді тәсілі ретінде алынған. Өйткені публицистердің сентенциялары қоғамдағы өзекті мәселеге арналған және қазақ дүниетанымға негізделіп, шарифат қағидаларына, Абай философиясына, мақал-мәтелдегі тұжырымдарды басшылыққа ала отырып түзілген.

Алтыншы жаңалығы – тілдік тұлға прагматикасының анықталуы. Оқырманға ықпал ету, оқырман назарын аудару, экспрессивтілікті күшейту, баға беру мақсатында түрлі тәсілдерді қолданылғаны анықталған. Олар: ретроспекция тәсілі, когезия тәсілі, жалпыдан жекеге ойысу тәсілі, субституция тәсілі. Жоғарыда санамалап көрсетілген жаңалық деңгейі жоғары болып табылатын ғылыми нәтижелердің бәрі де диссертацияда жеткілікті дәрежеде мысалдармен дәйектелген.

4. Ізденушінің алған нәтижелерінің тиісті өзекті мәселені, теориялық немесе қолданбалы міндетті шешуге бағытталатындығы.

Диссертациялық жұмыста қол жеткізген қорытындылар мен нәтижелер теориялық тұрғыдан прагматика, когнитология, дискурсология, стилистика салаларына өзіндік деңгейде теориялық үлесін қосады.

Практикалық тұрғыдан зерттеу барысында анықталған нәтижелерді жоғары оқу орындарында таңдау компоненті ретінде жүретін «Медиалингвистика», «Прагмалингвистика», «Когнитивті лингвистика», «Коммуникативті грамматика», «Функционалды стилистика», «Функционалды лингвистика» курстарында пайдалануға болады.

5. Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануына растама.

Г.Т.Ерсултанованың зерттеу тақырыбы бойынша диссертацияның негізгі қағидалары мен тұжырымдары отандық және шетелдік халықаралық ауқымдағы ғылыми-теориялық және ғылыми-практикалық конференцияларда, алыс-жақын шетелдік басылымдарда, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған басылымдарда, Scopus ақпараттар базасына енетін импакт-факторлы журналда жарияланған.

6. Диссертацияның мазмұнындағы және рәсімделуіндегі кеткен кемшіліктер мен ескертпелер.

Ғылыми зерттеу жұмысының мазмұны мен құрылымы диссертациялық жұмысқа қойылатын талапқа сай рәсімделген.

Дегенмен диссертацияның жалпы құрылымы мен мазмұнына, рәсімделуіне қатысты төмендегідей кемшіліктерді де атай кеткен жөн:

- диссертацияның 26-бетінде *...қажет тұстарда публицистика дамуының кеңестік кезеңі де салыстырылып, этос, логос, пафостағы ерекшеліктері көрсетіледі* деген сөйлем бар. Жұмыс мазмұнынан

салыстыруды кездестіре алмадық. Оның үстіне мақсатқа жету жолындағы міндеттер қатарында салыстыру көзделмеген. Біздіңше, ізденуші онсыз да (салыстырусыз-ақ) өз мақсатына жеткен.

- публицистикалық дискурстағы автордың прагматикалық ұстанымын басқа функционалды стильдердегі автор позициясымен салыстыру мақсатында көркем туындыдан ХХ ғасырдың басындағы Ж.Аймауытовтың «Күнікейдің жазығы» атты повесін алған (дисс. 12-13 бб.), ал зерттеу нысанына алынып отырған публицистикалық дискурс ХХІ ғасырдың басындағы БАҚ материалы. Осымен байланысты ізденуші салыстыруға көркем туындыны да тілдік тұлғалармен (Н.Жүсіп, Б.Омар, Б.Қайратұлы) замандас жазушылардың шығармаларын алғаны қисынды болар еді;

- жұмыс барысында стильдік (... анықтауға негіз береді, ... ұғым басты орынға шықты, ... тілдік тұлғаның әлеуметтік қызметі (қызметі емес, мәртебесі болар және т.б.), орфографиялық қателіктер мен ой қайталаулар кездеседі. Сонымен қатар, әріптерді қорындарының ауысып кетуі сияқты техникалық қателіктер де жоқ емес.

Көрсетілген сын-ескертпелер диссертациялық жұмыстың мазмұнына, теориялық құндылығына нұқсан келтірмейді.

7. Диссертацияның Ғылыми дәрежелер беру Ережелерінің талаптарына сәйкестігі.

Қорыта келгенде, Ерсұлтанова Гаухар Тилеукабуловнаның 6D021300 – «Лингвистика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін жазылған «Публицистикалық дискурстағы тілдік тұлға (қазіргі қазақ баспасөз материалдары негізінде) тақырыбындағы диссертациялық жұмысы «Ғылыми дәрежелер беру Ережелерінің» талаптарына толық сай келетіндігін ескере отырып, диссертациялық жұмыстың авторы Ерсұлтанова Гаухар Тилеукабуловна 6D021300 - «Лингвистика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп санаймыз.

Рецензент:

**филология ғылымдарының
докторы, СДУ профессоры**
«_____» _____ 2020 ж.



М.С.Жолшаева